



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- «6B04105-Мемлекеттік және жергілікті басқару»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Облыстардың, аудандар мен қалалардың экономикалық және әлеуметтік дамуының кешенді жоспарларын, өндірістік-басқару қызметін әзірлеу, әлеуметтік және кәсіби құзыреттерді меңгеруде жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті мемлекеттік құрылымдарды басқарудың тиімді жүйесін құру дағдыларына ие маман даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

халық шаруашылығын, әкімшілік-аумақтық таксондарды басқару, ұлттық компанияларда, елдің түрлі кәсіпорындарында менеджер және экономист.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1-әлеуметтік маңызы бар құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді талдайды, ақпаратты, жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан бағалайды және ақпаратты қорыту негізінде сындарлы шешім қабылдайды; сыни ойлауға қабілетті;

ОН2-мәліметтер базасын құру үшін ақпаратты жалпылайды және жүйелейді, басқару жүйелерін талдау және модельдеуді бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарына ие;

ОН3-белгісіздік пен тәуекелдер жағдайында шешімдер қабылдайды, реттеуші әсер етудің барабар құралдары мен технологияларын қолданады;

ОН4-әлеуметтік зерттеулердің теориялық негіздері мен әдістерін, мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейлерде болып жатқан әртүрлі мемлекеттік және әлеуметтік саясатты салыстырмалы талдауды қолданады;

ОН5-кәсіби халықаралық қарым-қатынастың қалыптасқан мамандандырылған терминологиясы шеңберінде кәсіби қызметте ауызша және жазбаша нысанда алған білімі мен дағдыларын сауатты және нақты баяндайды;

ОН6-әлеуметтік өзгерістер жобаларын әзірлейді; қызметтік тәртіпке қойылатын этикалық талаптарға сәйкес қызметтік іс-әрекет барысында өзара іс-қимылдарға ықпал етеді;

ОН7-әлемдегі саяси үдерістердің, әлемдік экономика мен жаһанданудың қазіргі даму үрдістеріне, халықаралық бәсекелестік мәселелеріне бағдарланады;

ОН8-билік органдарының іс-шараларын мемлекет пен аймақтың жалпы даму стратегиясымен ұштастыра отырып жоспарлайды;

ОН9-құқықтық және нормативтік базаны ескеретін шешімдерді әзірлейді;

ОН10-экономиканың нақты секторын дамытуды реттеу саласында тиімді басқарушылық шешімдер қабылдайды